

2017 жылды өткізілетін бірыңғай мемлекеттік сатып алулардың кейбір мәселелері туралы

Мерзімі біткен

Қызылорда облысы Жалағаш ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 11 сәуірдегі № 62 қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 27 сәуірде № 5813 болып тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты тоқтатылды

“Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы” Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына және “Мемлекеттік сатып алу туралы” Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы Заңының 8-бабы 1-тармағының 3) тармақшасына сәйкес Жалағаш ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Аудандық бюджеттік бағдарламалар әкімшілері үшін мемлекеттік сатып алудың бірыңғай ұйымдастырушысы болып “Жалағаш аудандық құрылыш бөлімі” коммуналдық мемлекеттік мекемесі айқындалсын.

2. Осы қаулының қосымшасына сәйкес мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыруды және өткізууді мемлекеттік сатып алудың бірыңғай ұйымдастырушысы орындайтын тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер айқындалсын.

3. “Жалағаш аудандық құрылыш бөлімі” коммуналдық мемлекеттік мекемесінің басшысы заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулыдан туындастырылған шараларды қабылдасын.

4. Тапсырыс берушілер, аудандық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері тапсырыс берушілердің Қазақстан Республикасының қолданыстағы мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына сәйкес мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру мен өткізуге қажетті құжаттарды мемлекеттік сатып алудың бірыңғай ұйымдастырушыға ұсынуды қамтамасыз етсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау жетекшілік ететін Жалағаш ауданы әкімінің орынбасарына жүктелсін.

6. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Жалағаш ауданының әкімі

Т. Дүйсебаев

Жалағаш ауданы әкімдігінің
2017 жылғы 11 сәуірдегі
№ 62 қаулысына қосымша

Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыруды және өткізууді мемлекеттік сатып алудың бірыңғай ұйымдастырушысы орындастырылған тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер

№ п/с	Атауы
1	2
1.	Тауарлар:
1)	тауарларды сатып алу (оларды сатып алуға бөлінген сома тиісті қаржы жылына республикалық бюджет туралы заңымен белгіленген бес мыңнан он мыңға дейінгі еселенген айлық есептік көрсеткіште болған жағдайда)
2.	Жұмыстар:
1)	Жалағаш кентіндегі Илияс Қабылов, Сақыбай Қалыбаев, Темірбек Жүргенов көшелерін ағымдағы жөндеу жұмыстары
3.	Көрсетілетін қызметтер:
1)	Жалағаш кентіндегі Мәдібай Байтөриев көшесіне жерге орналастыру және сәйкестендіру құжатын әзірлеу

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК